



**«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫС
ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ
САЯСАТЫ**

"Маңғыстаумұнайгаз" Акционерлік Қоғамының еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау саласындағы басты басымдығы еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау, өндірістің қызметкерлердің денсаулығына теріс әсерін азайту, қауіпті өндірістік объектілердегі аварияларға жол бермеу, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың зардаптарының ауырлығын азайту болып табылады.

Қоғамда қауіпсіздік және еңбекті қорғау, денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қозғалыс қауіпсіздігі менеджментінің жүйесі (бұдан әрі - ҚжЕК, ЕҚ, ӨҚ, БҚ) енгізілді және ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес оның нәтижелілігі үнемі жақсартылады.

Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау саласындағы басты басымдығын негізге ала отырып, Қоғам Басқармасы Қоғам объектілерінде, оның ішінде мердігер компанияларда да төмендегіні қамтамасыз етуге міндеттенеді:

- денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, мемлекетаралық және ұлттық стандарттардың, сондай-ақ Қоғам қызметіне қолданылатын халықаралық талаптарды қоса алғанда, өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;
- еңбек жағдайын жақсартуға, қауіпсіздік деңгейін арттыруға, өндірістік жарақаттар мен кәсіптік аурулар, оқыс оқиғалар мен авариялар тәуекелін төмендетуге;
- қауіптерді сәйкестендіруге, қатерлерді бағалау және басқару жолымен денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы қауіптерді жоюға және қатерлерді төмендетуге;
- белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін көлемде еңбек жағдайын жақсарту және денсаулық сақтау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы стандарттарға сәйкес жасалған озық технологиялық процестерді, жабдықтарды енгізуге;
- персоналды оқытуға (даярлау), қайта даярлауға және біліктілігін арттырудың озық жүйелерін жетілдіру және енгізу арқылы ҚжЕК, ЕҚ, ҚТ, ДБ саласындағы қызметкерлердің құзыреттілігін тұрақты арттыруға;
- денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі мәдениетін дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға.

Осы Саясат шеңберінде қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған Қоғам қызметкерлерінің кез келген бастамаларын Басшылық қолдайды және тиімді іске асырылған жағдайда ынталандыратын болады.

Басшылық "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қызметкерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және қатердің алдын алуға байланысты кез келген мәселелерде кез келген кеңес алуға және өз өкілдері арқылы да (кәсіподақ немесе басқа ұйымдар) қатысуға мүмкіндік береді.

Бас директор

Вэнь Цзяцзюнь

**Бас директордың
бірінші орынбасары**

Сейтмағанбетов Б.С.